

## Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 506 Заңы

2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 35-баптың бесінші бөлігінің екінші, үшінші, төртінші, бесінші абзацтары " көзделген" деген сөздің алдынан ", 479, 480-баптарында" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 61-баптың бірінші бөлігінің 7) тармақшасының мемлекеттік тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

3) 63-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Егер әкімшілік айыппұлдар заң актілерінде белгіленген салық міндеттемелерінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған сомасының процентімен көрсетілген жағдайда, оларды бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салған кезде, айыппұл әрбір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бөлек өндіріліп алынады.";

4) 64-баптың екінші бөлігі "азаматтық" деген сөздің алдынан ", залалды өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 69-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы бөлімнің Ерекше бөлімінің бабында көзделген белгілі бір әрекеттің бірыңғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және оны анықтаған кезде аяқталмаған құқық бұзушылық созылып кеткен құқық бұзушылық деп танылады."

6) 84-баптың бірінші абзацы "Белгіленген" деген сөз кіші әріппен жазылып, осы сөздің алдынан "Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 87-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "жалақыны" деген сөзден кейін "және өсімпұлды" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 114-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"114-бап. Кәмелетке толмағандарға темекіні және темекі бұйымдарын сату

1. Он сегіз жасқа толмаған адамдарға темекіні және темекі бұйымдарын сату, -

жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекет, - жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

9) 121-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
"2. Жер асты суларын байқаушы және режимдік ұңғыларды, су объектілеріндегі байқаушы режимдік тұстамаларды, су қорғау немесе су шаруашылық белгілерін, орман қорындағы орман орналастыру немесе орман шаруашылық белгілерін, маркшейдерлік, геодезиялық және нивелирлік пункттер мен белгілерді жою немесе бүлдіру, - ";

10) мынадай мазмұндағы 135-1-баппен толықтырылсын:  
"135-1-бап. Лауазымды адамның және ұйым басшысының өзіне сеніп тапсырылған объектілердің (мүліктің) қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы

1. Лауазымды адамның, сол сияқты мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы болып табылмайтын ұйым басшысының өзіне сеніп тапсырылған Қазақстан Республикасының ерекше маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілерінің және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің қауіпсіздігі мен сақталуының қажетті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . " ;

1 1 ) 1 3 7 - б а п т а :

тақырыбындағы "немесе өзге қызметпен айналысу" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру" деген сөздермен толықтырылсын ;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац "немесе өзге қызметпен айналысу" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру" деген сөздермен толықтырылсын; екінші абзацтағы "және лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып," деген сөздер ", кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен лицензиясыз айналысқан жағдайда әкімшілік құқық

бұзушылық салдарынан алынған кіріс (дивидендтер), ақша, бағалы қағаздар қосымша тәркіленіп," деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "және лицензиядан айрыла отырып," деген сөздер ", кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен лицензиясыз айналысқан жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық салдарынан алынған кіріс (дивидендтер), ақша, бағалы қағаздар қосымша тәркіленіп," деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 139-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"139-бап. Лицензиялау ережелері мен нормаларын бұзу

1. Заңдарда белгіленген лицензиялық ережелер мен нормаларды бұзу, соның ішінде лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, -

белгілі бір қызмет түріне лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан лицензиялық ережелер мен нормаларды бұзушылықтарды жоюға,

белгілі бір қызмет түріне берілген лицензиядан айыра отырып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

13) 147-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"147-бап. Монополияға қарсы заңдарды бұзу

1. Бәсекені шектеу, жосықсыз бәсеке, рыноктағы басым (монополистік) жағдайды теріс пайдалану, сол сияқты монополияға қарсы заңдарды өзге де бұзушылық, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса және кіріс алуға әкеп соқпаса,

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер,

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға - жүзден төрт жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға - мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, кіріс алуға әкеп соққан әрекеттер, - әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістері, ақшалары, бағалы қағаздары тәркілене отырып, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға - жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

14) 158-бапқа ескертудің 1-тармағындағы "құқық қорғау органдарына" деген сөздер", заң актілеріне сәйкес осындай мәліметтерді алу құқығы бар адамдарға" деген сөздер мен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

15) мынадай мазмұндағы 163-1-баппен толықтырылсын:

"163-1-бап. Темекі бұйымының маркасын пайдалану

Темекі бұйымдарының өздерін немесе темекі бұйымы сатылатын немесе тасымалданатын кез келген қорапты, қаптаманы қоспағанда, өзінде темекі бұйымының маркасы бар кез келген тауарларды тарату, көрмеге қою, сату, - жеке тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамға - жиырмаға дейінгі, заңды тұлғаға - елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

16) 167-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"167-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарын бұзу

1. Мемлекеттік сатып алу туралы заңдарда көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін негізсіз қолдану, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік сатып алу тәсілін уәкілетті органмен келісіп алмай, ондай келісу заңдарда көзделген жағдайда, қолдану, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жүргізілетін мемлекеттік сатып алу туралы конкурсты ұйымдастырушының ақпаратына заңдарда қойылған талаптарды бұзу, сол сияқты анық емес ақпарат беру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің қатысушыларын - ықтимал өнім берушілерді тіркеу рәсімдерін бұзу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Ашық және жабық конкурстарды, сондай-ақ екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурстарды өткізу кезінде бюджеттік қаражатты қосымша жұмсауға әкеп соқпаған мемлекеттік сатып алу рәсімдерін бұзу, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген бюджеттік қаражатты қосымша жұмсауға әкеп соққан іс-әрекет (әрекетсіздік), - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген бюджеттік қаражатты ірі мөлшерде қосымша шығындауға әкеп соққан іс-әрекет (әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Осы баптың бірінші - алтыншы бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасау

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

1. Осы баптың бірінші, екінші бөліктерінде аталған лауазымды адамдарды мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыруға жауапты конкурс ұйымдастырушысының басшысы және (немесе) оның орынбасары деп; осы баптың үшінші бөлігінде аталған лауазымды адамдарды мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыруға жауапты конкурс ұйымдастырушысының басшысы және (немесе) оның орынбасары, сондай-ақ конкурс комиссиясының хатшысы деп түсіну керек; осы баптың төртінші, бесінші, алтыншы бөліктерінде аталған лауазымды адамдарды конкурс комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы деп түсіну керек.

2. Құқық бұзушылық жасау кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен асатын сома осы баптың мақсаттары үшін ірі мөлшер деп танылады.";

1 7 ) 1 6 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "әлденеше рет" деген сөздер "табыс етпеуі, сол сияқты әлденеше рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өздеріне жүктеген міндеттерді ықпал етудің шектеулі шараларын қолдану арқылы орындамауы, - ";

бесінші бөліктің бірінші абзацы "не" деген сөзден кейін "банк заңдарын бұзып, сол сияқты" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 169-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы ", оның келіп түскен күнін есептемегенде бір операциялық күннен асырып," деген сөздер алып тасталсын;

19) мынадай мазмұндағы 169-1-баппен толықтырылсын:

"169-1-бап. Қазақстан Республикасының аумағында достық, қола және қаржы вексельдерін шығару

Қазақстан Республикасының аумағында достық, қола және қаржы вексельдерін шығару ,

азаматтар мен лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 0 ) 1 7 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"170-бап. Банкке немесе банк холдингіне ірі қатысушы мәртебесін заңсыз алуға байланысты құқық бұзушылық"; бірінші бөлік "Банкке" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдын ала келісімінсіз банк холдингі мәртебесін алу, - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

21) мынадай мазмұндағы 170-1-баппен толықтырылсын:

"170-1-бап. Банктердің заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына заңсыз қатысуына байланысты бұзушылықтар

1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, банктің Қазақстан Республикасының банк заңдарының талаптарын бұзып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуы, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдын ала рұқсатынсыз еншілес ұйымды құруы немесе иемденіп алуы, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

22) 171-бапта:

тақырыбы "дер кезінде" деген сөздердің алдынан "табыс етпеуге, сол сияқты" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзацта:

"дер кезінде табыс етпеуі" деген сөздер "табыс етпеуі, сол сияқты дер кезінде табыс етпеуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 172-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның заңдарда белгіленген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібін бұзуы, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

24) 173-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уәкілетті мемлекеттік органға

есеп-қисапты не сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарға сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган сұратқан өзге де ақпаратты дер кезінде табыс етпеуі, табыс етпеуі не анық емес етіп табыс етуі, - айлық есептік көрсеткіштің отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

екінші бөліктің бірінші абзацы "орындамауы," деген сөздерден кейін "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының оны тіркеу үшін бірлескен қызмет туралы шартты уәкілетті мемлекеттік органға табыс етпеуі не дер кезінде табыс етпеуі, - " деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтандыру агентінің мәмілелер мен операцияларды сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарды бұза отырып жүзеге асыруы, - ";

жетінші бөліктің бірінші абзацындағы "лицензиялардың көшірмесін лайықты" деген сөздер "тиісінше құжаттау, құжаттарды сақтау, лицензиялардың көшірмесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 187-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"187-бап. Ұлттық және шетелдік валюта түріндегі қаражатты шетелден қайтармау, сол сияқты импорттық мәмілелер бойынша алынатын тауарды алмау не ақшаны қайтармау

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті банктерінің шоттарына міндетті аударуға жататын ұлттық және шетелдік валюта түріндегі қаражатты шетелден қайтармау, қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері болмаған жағдайда, -

азаматтар мен лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Валюта заңдарында белгіленген мерзімде импорттық мәмілелер бойынша оған төленген ақша сомасына баламалы тауарды алмау не ақшаны қайтармау, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. ";

26) 191-бапта:

тақырыбындағы ", сондай-ақ акциялар эмиссиясына ұлттық бірегейлендірілген нөмір беру үшін" деген сөздер алып тасталсын;

бірінші абзацтағы ", сондай-ақ мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық бірегейлендірілген нөмір беру үшін" деген сөздер алып тасталсын;

27) 192-баптың бірінші абзацындағы "рыногына кәсіби қатысушыларға" деген

сөздер "рыногы субъектілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;  
28) 193-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы ", бағалы қағаздар эмиссиясына ұлттық бірегейлендірілген нөмір беру үшін" деген сөздер алып тасталсын;

29) 194 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"194-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар құқықтарының бұзылуы";  
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Эмитенттің лауазымды адамдарының облигациялар бойынша сыйақы төлеудің және (немесе) оларды өтеудің заңдарда белгіленген тәртібін бұзуы, - айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеліне соғады." ;

30) 196-баптың бірінші абзацындағы "эмитентінің немесе" деген сөздер алып тасталсын ;

31) 197-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "орналастыру" деген сөз "орналастыру және өтеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) мынадай мазмұндағы 197-1-баппен толықтырылсын:

"197-1-бап. Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының және бағалы қағаздармен сауда ұйымдастырушының олардың қызметіне заңдарда белгіленген талаптарды бұзуы

Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушының және бағалы қағаздармен сауда ұйымдастырушының олардың қызметіне заңдарда белгіленген талаптарды әлденеше рет (қатарынан күнтізбелік айлар ішінде екі және одан да көп) бұзуы, - айлық есептік көрсеткіштің үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеліне соғады." ;

33) мынадай мазмұндағы 205-1-баппен толықтырылсын:

"205-1-бап. Арнаулы салық салу режимін қолданған кезде қызметті заңсыз жүзеге асыру

Арнаулы салық салу режимін қолданған кезде қызметті Қазақстан Республикасының заң актілерінде осы режим үшін көзделген шарттарды бұза отырып жүзеге асыру ,

жеке кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде , заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеліне соғады." ;

34) 206 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацы "он проценті" деген сөздерден кейін ", бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "елу проценті" деген сөздерден кейін ", бірақ қырық айлық есептік көрсеткіштен кем емес" деген сөздермен толықтырылсын;



35) мынадай мазмұндағы 208-1-баппен толықтырылсын:  
"208-1-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті  
төлемдердің есептелген (үстеп есептелген)  
сомасын төлеуден жалтару

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген берешекті төлеу мерзімінен тоқсан күннен асқан берешегі болған жағдайда, салық төлеушінің касса не үшінші тұлғалардың банк шоты арқылы өзара есеп айырысуды жүзеге асыруы арқылы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген (үстеп есептелген) сомасын төлеуден жалтару, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданатын әрекет белгілері болмаса, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға - жүргізілген есеп айырысу сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

36) 209 - бапта:

бірінші бөлікте:

екінші абзацта:

"жеке кәсіпкерлерге және" деген сөздер алып тасталсын;

"заңды тұлғаларға" деген сөздер "жеке кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"төленбеген" деген сөз "үстеп есептелген" деген сөздермен ауыстырылсын; төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "есептелген аванстық төлемдер сомасынан елу" деген сөздер "төленген аванстық төлемдер сомасынан он" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктің бірінші абзацындағы "есептелген аванстық" деген сөздер "төленген аванстық" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"6. Бюджетпен патент негізінде есеп айырысуды жүргізетін ауыл шаруашылық өнімін өндіруші-заңды тұлғаның патент құнының есебіне кіретін салық сомасын кемітіп көрсетуі, -

патент құнының есебі кезінде азайтылмай, кемітіп көрсетілген салық сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

ескертудің 2-тармағындағы "Бірінші" деген сөз "Екінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

37) 210 - бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац "Салық агенттерінің" деген сөздерден кейін "және өзге де уәкілетті органдардың (ұйымдардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

"жеке кәсіпкерлерге" деген сөздерден кейін ", лауазымды адамдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

"аударылмаған" деген сөз "ұстап қалмаған" деген сөзбен ауыстырылсын; екінші бөліктің екінші абзацы "жеке кәсіпкерлерге" деген сөздерден кейін ", лауазымды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 211-бапқа ескерту "салық төлеуші" деген сөздерден кейін ", сол сияқты жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар жөнелтуді нақты жүргізбеген тұлға" деген сөздермен толықтырылсын;

3 9 ) 2 1 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы "жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде" деген сөздерден кейін ", заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздерден кейін ", заңды тұлғаларға - бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

40) 215-баптың екінші бөлігі бірінші абзацының қазақ тіліндегі мәтінінде "төленген" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

41) 217-баптың бірінші бөлігінің төртінші абзацындағы "төлем құжаттарын ( вексельді қоспағанда), салық төлеушінің тіркеу нөмірін табыс етпей" деген сөздер " төлем құжаттарында (вексельді қоспағанда) салық төлеушінің тіркеу нөмірін қоймай" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) мынадай мазмұндағы 225-1-баппен толықтырылсын:

"225-1-бап. Электр желілері мен жылу желілерінің күзет аймақтарында жұмыстар жүргізу

Қарамағында электр және жылу желілері бар ұйымдардың келісімінсіз электр және жылу желілерінің күзет аймақтарында құрылыс, монтаж, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстарын, ұңғымалар мен шурфтарды салуға байланысты іздестіру жұмыстарын жүргізу, алаңдарды, автомобиль көлігінің тұрақтарын жайластыру, базарларды орналастыру, материалдарды қоймаға салу, қоршаулар мен дуалдар соғу, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастау мен төгу, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің екіден онға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4 3 ) 2 4 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"240-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды бұзу";

бірінші және екінші бөліктердің бірінші абзацында "және өзге де" деген сөздер ",

санитариялық-эпидемиологиялық және" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 242-баптың бірінші абзацы "табиғат қорғау" деген сөздерден кейін "және санитариялық-эпидемиологиялық" деген сөздермен толықтырылсын;

45) 243-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"243-бап. Атмосфераға шығарындыларды, сарқынды суды ағызуды жол берілетін шекті нормативтерден асырып жіберу, не рұқсат алмай ластаушы заттарды шығару, сарқынды суды ағызу, өндіріс қалдықтарын орналастыру және  
т ұ т ы н у

Шығарындыларды, ағындыны, зиянды физикалық әсерді жол берілетін шекті нормативтерден асырып жіберу, сондай-ақ осыған арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсатын алмай ластаушы заттарды атмосфераға шығару, сарқынды суды ағызу, өндіріс қалдықтарын орналастыру және тұтыну, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4 6 ) 2 4 6 - б а п т а :

бірінші бөлік "Шығарылған" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады . " ;

4 7 ) 2 4 7 - б а п т а :

бірінші бөлік "Шығарылған" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

48) 256-баптың бірінші абзацы "Азаматтардың" деген сөзден кейін "және заңды тұлғалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

49) 283-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"283-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу және зақымдау

1. Ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды, қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ заңсыз

к е с у ж ә н е з а қ ы м д а у , -

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, көлік құралдары мен аталған құқық бұзушылықты жасау құралы болған өзге де заттары тәркіленіп немесе онсыз, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Орман питомниктері мен плантацияларындағы орман дақылдарын, себінділерді не көшеттерді, сондай-ақ көктеп шыққан табиғи өскіндерді, жас шыбықтарды, сондай-ақ орманды қалпына келтіруге арналған алаңдардағы өздігінен көктеген өскіндерді жою немесе зақымдау, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері жоқ, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, -

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, көлік құралдары мен аталған құқық бұзушылықты жасау құралы болған өзге де заттары тәркіленіп немесе онсыз, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. " ;

5 0 ) 2 8 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"беске дейінгі" деген сөздер "онға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"жиырмаға дейінгі" деген сөздер "жиырма беске дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "онға дейінгі" деген сөздер "жиырма беске дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс - ә р е к е т т е р , -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

51) 285-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"285-бап. Кесілетін орман қорын пайдаланудың, сүректер дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, екінші дәрежелі орман материалдарын алудың

белгіленген тәртібін бұзу

1. Кесілетін орман қорын пайдаланудың, сүректер дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, екінші дәрежелі орман материалдарын алудың белгіленген тәртібін бұзу , -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің үштен он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5 2 ) 2 8 6 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"286-бап. Орман қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың уақытша алынып отырған учаскелерін қайтару мерзімдерін бұзу";

бірінші бөлік "Орман" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын: мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің үштен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

53) 287-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші - үшінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5 4 ) 2 8 9 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші абзацы "жиырмаға дейінгі мөлшерінде" деген сөздерден кейін ", заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші - үшінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

5 5 ) 2 9 0 - б а п т а :

бірінші бөлік "Орманды" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

56) 291 - бапта:

бірінші бөлік "Орманның" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жүз елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

57) 293 - бапта:

тақырыбындағы және бірінші абзацтағы "дайындау" деген сөз "дайындауға жол беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

58) 294 - бапта:

бірінші бөлік "Өсімдік" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

59) 295 - бапта:

бірінші бөлік "Өсімдіктер" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

60) 297-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"297-бап. Селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілерін

зақымдау немесе жою

Селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілерін: географиялық дақылдарды,

артықшылығы бар екпелерді, артықшылығы бар ағаштарды, артықшылығы бар ағаштардың сынақ дақылдарын, клондар мұрағатын, тұқымдық орман алқаптарын, тұқымдық орманның тұрақты учаскелерін зақымдау немесе жою, -

азаматтарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің бестен он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

61) 298-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"298-бап. Заңсыз аң аулау, жануарлар дүниесін пайдалану

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, аң аулау ережелерін, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру е р е ж е л е р і н б ұ з у , -

азаматтарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіден онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, аң аулау ережелерін өрескел бұзу (тиісті рұқсатсыз немесе тыйым салынған жерлерде не тыйым салынған мерзімдерде тыйым салынған құралдармен немесе әдістермен аң аулау), -

жануарларды аулау құралдары, көлік құралдары және аталған құқық бұзушылықты жасау құралы болған өзге де заттары тәркіленіп немесе онысыз, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жетпіс беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге аң аулау құқығынан айыруға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, -

құқық бұзушылықты жасау құралы немесе тікелей құқық бұзушылық объектісі болған заттары тәркіленіп немесе онысыз, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге аң аулау құқығынан айыруға әкеп соғады.";

62) мынадай мазмұндағы 298-1-баппен толықтырылсын:

"298-1-бап. Балық аулау және балық қорларын қорғау е р е ж е л е р і н б ұ з у

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, балық аулау ережелерін, сондай-ақ су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін б ұ з у , -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ, балық аулау ережелерін (

тыйым салынған мерзімдерде тыйым салынған құралдармен немесе тәсілдермен, тыйым салынған жерлерде балықты өнеркәсіптік жолымен аулау және балық аулау), сондай-ақ су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін ө р е с к е л б ұ з у , -

құқық бұзушылық жасау құралы немесе тікелей құқық бұзушылық объектісі болған заттары тәркіленіп немесе онысыз, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Балықты бас саға құрылыстарына түсіп кетуден қорғау үшін арнайы қондырғылар салмай, балық шаруашылығы су қоймаларынан су алу, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы . " ;

63) 20-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
"20-тарау. Карантиндік ережелер, астық рыногы және астық сақтау, тұқым шаруашылығы және ветеринариялық қадағалау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық";

64) мынадай мазмұндағы 309-1 және 309-2-баптармен толықтырылсын:  
"309-1-бап. Астықты сақтау және өткізу жөніндегі қызметті жүйеге асыру кезіндегі құқық бұзушылық

1. Заңдарда тыйым салынған не астық қабылдау кәсіпорнының құқық қабілеттілігі шегінен тысқары операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыру, - белгілі бір қызмет түріне лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып не онысыз, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы .

2. Астық қабылдау кәсіпорнының өзі берген астық қолхаттарынан туындайтын міндеттемелерін орындамауы, сондай-ақ астықты сан-сапа жағынан есепке алу мен астықты сақтау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бұзуы, - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Астық қабылдау кәсіпорнының астық операциясы есебінің белгіленген тәртібін бұзуы, сол сияқты астықты иелерінен сақтауға қабылдаған немесе иелеріне берген кездегі астық сапасының көрсеткіштерін бұрмалауы, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі



мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Астық қабылдау кәсіпорындарының заңдарда белгіленген құжаттарды жасамауы, сол сияқты дер кезінде жасамауы, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Экспорт және импорт кезінде астықты ішкі рынокта тиісті сапа сертификаттарынсыз өткізу, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымы адамдарға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Мемлекеттік ресурстар астығын сақтаушы астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың кез келген мөлшерін тиеп жөнелтуі, сол сияқты оны көлік ұйымдарының уәкілетті органмен алдын ала келіспей әкетуі, - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Уақытша басқару жөніндегі комиссия немесе уақытша әкімшілік мүшелерінің астық қабылдау кәсіпорнына уақытша басқаруды жүргізу кезеңінде заңдарды астық қабылдау кәсіпорнына материалдық залал келтіріп бұзуы, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

309-2-бап. Тұқым шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезіндегі құқық бұзушылық

1. Егіске арналған тұқымды өндіру, өткізу және пайдалану жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпті бұза отырып жүзеге асыру, -

жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тұқымдардың сорттық және егістік сапаларын айқындау жөнінде қызмет көрсетуші аттестатталған жеке және заңды тұлғалардың тұқым сапасына сараптама жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзуы, - жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл

3. Аттестатталған жеке және заңды тұлғалардың тұқым шаруашылығы саласындағы қызметке қойылатын заңдарда белгіленген біліктілік талаптарын бұзуы, - жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, - субъектілердің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінен айыруға әкеп соғады.";

65) 310-баптың 9) тармақшасының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын ;

66) 312-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы бапқа қатысты қолданыста әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кездегі елу айлық есептік көрсеткіштен асатын сома елеулі мөлшердегі залал деп танылады . " ;

67) 313-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы Кодекстің осы бабына қатысты қолданыста әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кездегі жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сома ірі мөлшер болып табылады . " ;

68) мынадай мазмұндағы 319-1-баппен толықтырылсын:

"319-1-бап. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды өткізу мен тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбау

1. Көңіл көтеру ұйымдары лауазымды адамының және (немесе) меншік иесінің есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды өткізу мен медициналық тұрғыдан тыс тұтынудың жолын кесуге шаралар қолданбауы, - қызметі тоқтатыла тұрып не онысыз, лауазымды адамдарға және (немесе) меншік иелеріне айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол әрекеттер, - лауазымды адамдарға және (немесе) меншік иелеріне жеке кәсіпкерлік қызметіне тыйым салынып не онысыз, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде заңды тұлғаларға - заңды тұлғаның қызметіне тыйым салынып не онысыз, бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

69) 320-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Кәмелетке" деген сөз кіші әріппен жазылып, осы сөздің алдынан "16 жасқа дейінгі" деген сөздермен толықтырылсын ;

тақырыбы "ережелерді және нормаларды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ гигиеналық нормативтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзац "ережелерді және нормаларды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ гигиеналық нормативтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

71) 333-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"333-бап. Тыныштықты бұзу

Азаматтардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, түнгі уақыттағы (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты бұзу, соның ішінде тұрғын үй-жайларда және олардың сыртында шұғыл қажеттілікпен байланыссыз шу шығаратын жұмыстарды жүргізу, -

азаматтарға ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

72) мынадай мазмұндағы 336-1-баппен толықтырылсын:

"336-1-бап. Жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салуды бұзу

1. Қазақстан Республикасының заңдарында темекі шегуге тыйым салу белгіленген жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегу, -

бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жұмыс берушінің темекі шегу үшін арнаулы орындар бөлуді көздейтін Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуы, сондай-ақ бұл үшін арнаулы белгіленбеген орындарда темекі шегушілерге шаралар қолданбауы, -

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

73) 342-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"342-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарын бұзу

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, сондай-ақ ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын есепке қоймай не олардың шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шыққаннан кейін тарату, -

бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі тәркілене отырып, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

2. Мемлекеттік тілдегі хабарларды уақыты жағынан телерадиохабарлар арналарында басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен аз тарату, - баспа немесе өзге де өнім тәркілене отырып, лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға телевизиялық және дыбыстық (радиохабарлар) бағдарламаларды тарату құқығына берілген лицензиядан айыра отырып, екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

"

;

74) 344-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"344-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін, сол сияқты өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату

1. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату, -

бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері тәркілене отырып, азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

2. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдарына жатпайтын өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, т а р а т у , -

өнімдер тәркілене отырып, азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

75) 347-баптың тақырыбы және бірінші абзацы "мәліметтер" деген сөзден кейін " және материалдар" деген сөздермен толықтырылсын;

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"348-бап. Мерзімді баспа басылымдарының міндетті тегін даналарын берудің, теле- және радиохабарлар материалдарын тіркеудің, сақтаудың тәртібін бұзу";

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мерзімді баспа басылымдарының міндетті тегін даналарын берудің, сондай-ақ теле- және радиохабарлар материалдарын тіркеу мен сақтаудың тәртібін бұзу, - ";  
екінші бөліктің екінші абзацындағы:

"немесе басылымын" деген сөздер "(эфирге шығуын)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"алты айға" деген сөздер "үш айға" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте :

"эфирге шығаруға рұқсат беру" деген сөздер "эфирге шығару тәртібін бұзу" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Заңдармен белгіленген уақытты бұза отырып," деген сөздер алып тасталып, " темекі" деген сөз бас әріппен жазылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "өнім таралымын" деген сөздер "теле- және радиохабарлардың, жарнамалық роликтердің жекелеген шығарылымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"3. Заңдарда белгіленген тәртіпті бұза отырып, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радиобағдарламаларын қайталап беру, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға - телевизиялық және дыбыстық (радиохабар) бағдарламаларды тарату құқығына лицензиядан айыра отырып, екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

78) мынадай мазмұндағы 349-1-баппен толықтырылсын:

"349-1-бап. Темекі және темекі бұйымдарын жарнамалау

1. Мерзімді баспа басылымдарында жарнаманы шығару тәртібін, оның ішінде оларда темекі және темекі бұйымдарына жарнаманы бірінші және соңғы беттерінде, мұқабаларында орналастыру жолымен бұзу, кәметке толмағандарға бағдарланған мерзімді баспа басылымдарында темекі бұйымдарын жарнамалау, -

айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Темекі бұйымдарын жарнама мақсатында тегін тарату, - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Кәмелетке толмағандар арасында жарнама мақсатында темекі бұйымдарының үлгілерін тарату, - айлық есептік көрсеткіштің отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Мәдени-ойын-сауық және спорт шараларын өткізу кезінде темекіні және темекі бұйымдарын жарнамалау, сол сияқты, кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған шараларға демеуші болып, егер бұл орайда мұнда темекі бұйымдарының атауы, бейнесі немесе тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі) пайдаланылса, - айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Темекі бұйымдарын көлікте жарнамалау, - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

79) 350 - бапта :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мерзімді баспа басылымдарын белгіленген шығарылым деректерінсіз шығару, эфирде өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес не көрінеу жалған шығарылым деректерімен электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радиобағдарламаларының эфирге шығуы, - ";

екінші бөліктің екінші абзацындағы "не бұқаралық ақпарат құралдары басылымын шығаруды алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға" деген сөздер "не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

80) 351 - бапта :

тақырыбындағы "Ақпарат көзі құпиясын" деген сөздер "Авторлық құпияны және ақпарат көзін" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұқаралық ақпарат құралының лауазымды адамының авторлық құпияны және ақпарат көзін жария етуі, егер ол оны жария етпеуге жазбаша түрде міндеттенген болса, - ";

81) 352-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"352-бап. Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау

1. Журналистің заңды кәсіби қызметін орындауына кедергі келтіретін не оны бұл мүмкіндіктен толық айыратын жағдайлар туғызу, - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Журналист сұратқан ақпаратты беруден негізсіз бас тарту не заңдарда

белгіленген мерзімде табыс етпеу, -  
лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде  
айыппұл салуға әкеп соғады.";

82) мынадай мазмұндағы 354-1-баппен толықтырылсын:

"354-1-бап. Мемлекеттік нышандарды пайдалану тәртібін бұзу

1. Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
нышандарын заңсыз пайдалануы, -  
ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде  
айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік нышандарды пайдалану міндетті болып табылатын жағдайларда  
оларды пайдаланбау, -  
ескерту жасауға немесе лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге  
дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

83) 356-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацындағы "онға" деген сөз "отызға" деген сөзбен  
ауыстырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "455," деген цифр алып тасталсын;

84) мынадай мазмұндағы 358-1-баппен толықтырылсын:

"358-1-бап. Заң актілерінде көзделген жағдайларда жекелеген  
негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен мүлікті  
есепке алу мен одан әрі пайдалану ережелерін бұзу

1. Заң актілерінде көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша мемлекет  
меншігіне түскен мүлікті уәкілетті органға толық және (немесе) дер кезінде тапсырмау,  
-

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде,  
лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға -  
қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заң актілерінде көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша мемлекет  
меншігіне түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін сақтамау,  
сондай-ақ осындай мүлікті сатудан түскен соманы мемлекеттік бюджетке дер кезінде  
аудармау, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі  
мөлшерінде, заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға  
әкеп соғады.";

85) 364-баптың екінші бөлігіндегі "Лауазымды" деген сөз кіші әріппен жазылып,  
оның алдынан "Заңды тұлғалардың және" деген сөздермен толықтырылсын;

86) 368-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "айлық" деген сөздің алдынан "  
қаруы тәркілене отырып немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

87) 369-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы ", қызметтік" деген сөз алып тасталсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы "азаматтық," деген сөз алып тасталсын;  
екінші абзац "айлық" деген сөздің алдынан "азаматтық қаруының өтемі төленіп алып қойылып немесе онсыз" деген сөздермен толықтырылсын;

88) 374-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "жазбаша ескертілгеннен кейін де" деген сөздер алып тасталсын;

89) 375-бап "діни бірлестік орналасқан" деген сөздердің алдынан "қайырымдылық қызметті жүзеге асыруды, науқас адамдарды күтіп-бағуды, бас бостандығынан айыру орындарына баруды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

90) 381-баптың екінші абзацындағы "онға дейінгі" деген сөздер "жиырмаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 1 ) 3 8 6 - б а п т а :

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "бұзуы," деген сөзден кейін "егер бұл әрекеттерде қылмыс белгілері болмаса," деген сөздермен толықтырылсын;  
үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "немесе әскери" деген сөздер алып тасталсын;

9 2 ) 3 8 7 - б а п т а :

бірінші абзац "Қалалар" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылсын;  
екінші абзацтың қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;  
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

93) мынадай мазмұндағы 391-1-баппен толықтырылсын:

"391-1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін бұзу

1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы режимін бұзу, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында уәкілетті органның рұқсатынсыз кәсіпшілік, зерттеушілік, іздестірушілік немесе өзге де қызметтерді жүргізу, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бес жүзден екі



мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам жасаған іс-әрекеттер, - он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.";

94) 394-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"394-бап. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзуы

1. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тіркелудің не жүріп-тұрудың немесе тұрғылықты жер таңдаудың белгіленген тәртібін сақтамауынан көрінген Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзуы, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына заңсыз кіруден, белгіленген мерзімде қайтып кетуден жалтаруынан, келу мақсатының визада көрсетілген мақсаттарға сай болмауынан, сол сияқты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өту ережелерін сақтамауынан көрінген Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзуы, - он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.";

95) 400-баптың екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

96) 401-баптың екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

97) 402 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

98) 403-баптың екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен

онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 9 )

4 0 4 - б а п т а :

тақырыбындағы және бірінші абзацтағы қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын ;

екінші абзацтағы "айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын ;

100) 405-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы "бестен онға дейінгі" деген сөздер "оннан жиырмаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

101) 409-баптың екінші абзацындағы "жетіге" деген сөз "жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын ;

102) 411-баптың екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын ;

103) 413-баптың екінші абзацындағы "екіден беске дейінгі" деген сөздер "бестен жиырма беске дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

104) 414-баптың екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырмаға" деген сөзбен ауыстырылсын ;

105) 415-баптың екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын ;

106) 417-баптың екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын ;

107) 418-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "бестен жиырмаға дейінгі" деген сөздер "оннан елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

108) 419-баптың екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын ;

109) 420-баптың екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырма беске" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1 1 0 )

4 2 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен заңды

тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 1 1 ) 4 2 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлік алып тасталсын;

1 1 2 ) 4 2 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан қырыққа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - орындалмаған салық міндеттемесі сомасының екі жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - орындалмаған салық міндеттемесі сомасының үш жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 1 3 ) 4 2 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензияның, арнаулы рұқсаттың немесе біліктілік аттестатының (куәлігінің) қолданылуы тоқтатыла тұрып, орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған салық міндеттемесі сомасының екі жүз проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған салық міндеттемесі сомасының үш жүз проценті мөлшерінде" деген с ө з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 1 4 ) 4 3 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде" деген сөздер "жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан қырыққа дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "жиырма беске дейінгі" деген сөздер "елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 5 ) 4 3 4 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші абзац "төлемдерін" деген сөзден кейін "және салығын" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"лицензияның, арнаулы рұқсаттың немесе біліктілік аттестатының (куәлігінің) қолданылуы тоқтатыла тұрып немесе онсыз, жеке тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - орындалмаған салық міндеттемесі сомасының елу проценті мөлшерінде, бірақ екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

116) 436-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырмаға" деген сөзбен ауыстырылсын ;

117) 437-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "онға" деген сөз "жиырмаға" деген сөзбен ауыстырылсын ;

118) 454-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацындағы "және" деген шылау "немесе" деген шылаумен ауыстырылсын ;

119) 468-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген көлік құралдарын жүргізу құқығы жоқ адам жасаған іс-әрекеттер, сол сияқты жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану ережелерін елеулі материалдық залал шектіріп бұзу, - " ;

120) 470-баптың бірінші бөлігі бірінші абзацының қазақша мәтіні мынадай редакцияда жазылсын :

"жүргізушілік куәлігі немесе басқару құқығына уақытша рұқсаты," деген сөздер "жүргізу құқығына жүргізушілік куәлігі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"көлік құралдарына тіркеу және өзге де құжаттары" деген сөздер "және заңдарда белгіленген өзге де құжаттары" деген сөздермен ауыстырылсын ;

121) 473-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "соқтырған" деген сөзден кейін "не материалдық залал шектірген" деген сөздермен толықтырылсын ;

1 2 2 ) 4 8 0 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"480-бап. Ақысы төленбеген қол жүгін және теңдеме жүкті алып жүру" ;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын ;

"5. Темір жол, теңіз, өзен, әуе көліктерінде ақысы төленбеген теңдеме жүкті алып жүру , -

жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

1 2 3 ) 4 9 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Электр байланысы желілеріне қосылатын құрылғыларды (жабдықтарды) өз бетінше қосу , - "

ескертуде :

"электр" деген сөзден кейін "және радио-" деген сөздермен толықтырылсын;  
"қызметтердің қосылатын құрылғылары" деген сөздерден кейін ", радиотелефондар  
" деген сөзбен толықтырылсын;  
1 2 4 ) 5 3 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы "болып табылатын адамдардың" деген сөздерден  
кейін ", сол сияқты аталған адамдардың жұбайының (зайыбының)" деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктің бірінші абзацы:

"бермеуі," деген сөзден кейін "дер кезінде бермеуі" деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"кірістер" деген сөзден кейін ", мүлік" деген сөздермен толықтырылсын;  
"мемлекеттік қызметтен босатылған адамдардың" деген сөздерден кейін ", сол  
сияқты, аталған адамдардың жұбайының (зайыбының)" деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

125) 538-баптың 3) тармақшасындағы "576" деген цифр "576-3" деген цифрлармен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 2 6 ) 5 3 9 - б а п т а :

үшінші бөліктегі "лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (   
куәлігінен) айыру, не қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір әрекеттер жасауға  
оның қолданылуын тоқтата тұру" деген сөздер "қызметтің белгілі бір түріне не белгілі  
бір әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (   
куәлігінен) айыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "ведомстволық бағыныстылығына қарай тиісті орган (лауазымды  
адам)" деген сөздер "лауазымды адамдары осы Кодекстің 636-бабының бірінші бөлігіне  
сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар тиісті орган"  
деген сөздермен ауыстырылсын;

127) 541-баптың бірінші бөлігінде:

"117-119" деген цифрлар "117" деген цифрмен ауыстырылсын;  
"124" деген цифрдан кейін ", 127" деген цифрмен толықтырылсын;  
"135-139" деген цифрлар "135-138, 139 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"143" деген цифрдан кейін ", 147 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"205 (үшінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"211", "217" деген цифрлар алып тасталсын;

"293, 298 (екінші-төртінші бөліктерінде)" деген сөздер "283 (бірінші, үшінші  
бөліктерінде), 298 (екінші, үшінші бөліктерінде) 298-1 (екінші бөлігінде)" деген  
с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"308" деген цифрдан кейін ", 309-2 (төртінші бөлігінде), 314" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"336 (үшінші бөлігінде), " деген сөздерден кейін "336-1 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"342-357" деген цифрлардан кейін ", 359, 361" деген цифрлармен толықтырылсын;

"368 (екінші бөлігінде)" деген сөздер "368, 369 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"391 (екінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 391-1 (үшінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"394" деген цифр "394 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"494" деген цифр "494 (екінші, үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 8 )                    5 4 3 - б а п т а :

б і р і н ш і                    б ө л і к т е :

"131-134" деген цифрлардан кейін ", 139 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"161 (бірінші бөлігінде), 164" деген сөздер "163-1" деген цифрмен ауыстырылсын;

"244" және "323" деген цифрлар алып тасталсын;

"283" деген цифр "298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"314," деген цифр алып тасталсын;

"336 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздерден кейін ", 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"367, 368 (бірінші бөлігінде), 369" деген сөздер "367 (тергеу изоляторларында құқық бұзушылық жасағаны үшін), 369 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"387" деген цифрдан кейін ", 389, 390, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 392, 394 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"395" деген цифрдан кейін ", 396 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"463" деген цифр "463 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"478" деген цифрдан кейін ", 480" деген цифрмен толықтырылсын;

е к і н ш і                    б ө л і к т е :

2 )                    т а р м а қ ш а д а :

"161 (бірінші бөлігінде), 164" деген сөздер "163-1" деген цифрмен ауыстырылсын;

"283" деген цифр "298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде), 300, 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"336 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздерден кейін ", 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"377" деген цифрдан кейін ", 389, 390, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші және

екінші бөліктерінде), 392, 396 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;  
3 ) т а р м а қ ш а д а :

"164, 165" деген цифрлар "163-1, 165, 298 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 336 (бірінші және екінші бөліктерінде), 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"338 (екінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 389, 391 (бірінші бөлігінде), 391-1 (бірінші және екінші бөліктерінде), 392, 396 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын ;

"477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде)" деген сөздерден кейін ", 480" деген цифрмен толықтырылсын ;

4 ) т а р м а қ ш а д а :

"164" деген цифр алып тасталсын;

"283" деген цифр "298-1 (бірінші бөлігінде), 300" деген сөздермен ауыстырылсын;

"336 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздерден кейін ", 336-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"463" деген цифр "463 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақшадағы "463 (екінші бөлігінде)" деген сөздер "463 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

7) тармақша "473" деген цифрдан кейін "(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын ;

8 ) т а р м а қ ш а д а :

"161 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

"283, 298 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"323," деген цифр алып тасталсын;

", санитариялық" деген сөз алып тасталсын";

мынадай мазмұндағы қосымша 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын;

"10) осы Кодекстің 367-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін (ішкі істер жүйесінің тергеу изоляторларында құқық бұзушылық жасағаны үшін) - ішкі істер органдары жүйесі тергеу изоляторларының бастықтары;

11) 298-1 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - ішкі істер органдары полициясының балық қорларына қылмысты қол сұғушылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары.";

1 2 9 ) 5 4 4 - б а п т а :

бірінші бөлік "277" деген цифрдан кейін ", 284" деген цифрмен толықтырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

екінші абзацтағы "онға дейінгі" деген сөздер "жиырма беске дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші абзацтағы "беске дейінгі" деген сөздер "онға дейінгі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

төртінші абзац "инспекторлары" деген сөзден кейін ", мемлекеттік инспекторлары" деген сөздермен толықтырылсын;

130) 545, 546-баптар алып тасталсын;  
131) 548-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
"548-бап. Көлік бақылау органдары

1. Көлік бақылау органдары осы Кодекстің 139 (бірінші бөлігінде), 246, 247, 439, 440, 441, 447, 448, 449, 450, 451, 452, 453 (бірінші, үшінші бөліктерінде), 454 (төртінші, бесінші бөліктерінде), 455, 456, 457, 458, 459-460 (әуе кемелеріндегі, теңіз көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 463 (бұл бұзушылықтар жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде ірі көлемді немесе қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерін бұзу болып табылатын кезде, сондай-ақ салмақ немесе көлем параметрлері белгіленген нормативтерден асып түсетін көлік құралдары арнаулы рұқсатсыз жүріп өткен жағдайларда), 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479-481 (әуе кемелеріндегі, теңіз көлігіндегі бұзушылықтарды қоспағанда), 483, 486 (бірінші бөлігінде), 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Көлік бақылау органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

осы Кодекстің барлық баптары бойынша көлік бақылау органдарының ведомстволық бағыныстылығына жатқызылған - көлік бақылау органының басшысы мен оның орынбасарлары аумақтық көлік бақылау органдарының бастықтары мен о л а р д ы ң о р ы н б а с а р л а р ы ;

139 (бірінші бөлігінде), 440, 441, 447, 454 (төртінші бөлігінде), 455, 456, 463 (екінші бөлігінде), 477 (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде), 479, 480, 486 (бірінші бөлігінде), 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша - көлік бақылау органдарының осыған уәкілетті лауазымды адамдары құқылы.

3. Осы баптың екінші бөлігінің үшінші абзацында аталған лауазымды адамдар салатын айыппұл мөлшері он айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек.";

1 3 2 ) 5 4 9 - б а п т а :  
б і р і н ш і б ө л і к т е :

"осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "139 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"457 (өздерінің қадағалауындағы шағын кемелер мен олардың тұруына арналған құрылыстар базалары бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 459, 460," деген цифрлармен толықтырылсын;

"488-490" деген цифрлардың алдынан "479-481," деген цифрлармен толықтырылсын;

"495" деген цифр "494 (бірінші бөлігінде), 495, 496 (бірінші бөлігінде)" деген



сөздермен ауыстырылсын;

"497" деген цифрдан кейін ", 498 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы "Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның Астана және Алматы қалалары және облыстар бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары" деген сөздер "Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның, олардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

133) 550-баптың екінші бөлігінің екінші, үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстар, қалалар және аудандар бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша бас мемлекеттік еңбек инспекторлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Қазақстан Республикасының еңбек жөніндегі орталық атқарушы органының бас мемлекеттік еңбек инспекторлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;"

134) 553-баптың бірінші бөлігі:

"89" деген цифрдан кейін ", 139 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"221" деген цифрдан кейін ", 270" деген цифрмен толықтырылсын;

"(техникалық қауіпсіздік бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 504" деген цифрмен толықтырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы "Қазақстан" деген сөздің алдынан "Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияға ведомстволық бағынысты," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Азаматтық қорғаныс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің орындалмауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының бірінші басшысы мен оның орынбасарлары - азаматтарға және лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының төтенше жағдайлар жөніндегі басқармаларының бірінші басшылары, олардың орынбасарлары - азаматтарға және

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі мөлшерінде  
а й ы п п ұ л с а л у ғ а қ ұ қ ы л ы " ;

1 3 5 ) 5 5 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"554-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган";  
бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 139 (бірінші бөлігінде), 240-250, 261, 264-266, 270-272, 291, 294, 296, 301, 302 (бірінші бөлігінде), 303 (бірінші бөлігінде), 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.  
"

е к і н ш і б ө л і к т е :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"он беске дейінгі" деген сөздер "жиырма беске дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші абзацтағы "жиырма беске дейінгі" деген сөздер "елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

төртінші абзацтағы "елуге дейінгі" деген сөздер "жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

б е с і н ш і а б з а ц т а :

"жүзге дейінгі" деген сөздер "жүз елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік бас инспекторларының және мемлекеттік аға инспекторларының ұсынуы бойынша заңды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша барлық хаттамалары мен қаулыларын бекітеді." деген сөздер алып тасталсын;

136) мынадай мазмұндағы 554-1-баппен толықтырылсын:

"554-1-бап. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган

1. Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 122, 123, 259-275, 301, 302 (бірінші, екінші бөліктерінде), 303 (бірінші бөлігінде), 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға :

жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі аумақтық аға мемлекеттік инспекторлар мен аумақтық мемлекеттік инспекторлар - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға - он беске дейінгі, заңды тұлғаларға -

жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі аумақтық бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі, лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі аумақтық мемлекеттік бас инспекторлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі, заңды тұлғаларға - бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы мен оның орынбасарлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға - бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.";

137) 555-баптың бірінші бөлігінде:

"Кодекстің" деген сөзден кейін "139 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"141" деген цифрдан кейін ", 187 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

138) 556 - бапта:

бірінші бөліктегі "503-512" деген цифрлар "503, 505-512" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 1) тармақшасындағы "503-512" деген цифрлар "503, 505-512" деген цифрлармен ауыстырылсын;

139) 557 - бапта:

тақырыбындағы және бірінші бөліктегі "санитариялық" деген сөз "санитариялық-эпидемиологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

"санитариялық" деген сөз "санитариялық-эпидемиологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"323-бабында" деген сөздер "89, 139 (бірінші бөлігінде), 140 (бірінші бөлігінде), 161 (бірінші бөлігінде), 164, 220, 221, 235 (бірінші бөлігінде), 236, 239, 240, 242, 244, 248, 249, 261, 270, 272, 275, 276, 277 (екінші бөлігінде), 294, 304 (бірінші бөлігінде), 310, 323, 329 (бірінші бөлігінде), 333, 387, 477 (бірінші, екінші бөліктерінде), 494 (бірінші бөлігінде) - баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұл тәртіп бұзушылықтар, автокөлік құралдарын шығаруға немесе пайдалануға байланысты тәртіп бұзушылықтарды қоспағанда, атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды бұзу болып табылса)"

деген сөздер алып тасталсын;

"ережелер мен нормаларды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ талаптарды" деген сөздермен

толықтырылсын;

140) 560 - бапта:

бірінші бөлікте:

"Кодекстің" деген сөзден кейін "139 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"294," деген цифр алып тасталсын;

екінші бөлікте:

екінші абзацта:

"онға дейінгі" деген сөздер "жиырмаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"елуге дейінгі" деген сөздер "жиырмаға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта:

"өсімдіктер карантині жөніндегі" деген сөздерден кейін "бас мемлекеттік инспекторлар, өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар" деген сөздермен толықтырылсын;

"елуге дейінгі" деген сөздер "жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта:

"мен шекаралық посттардың" деген сөздер ", шекаралық пункттер мен посттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"беске дейінгі" деген сөздер "онға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

141) мынадай мазмұндағы 560-1, 560-2-баптармен толықтырылсын:

"560-1-бап. Тұқым шаруашылығы және астық рыногын реттеу саласындағы уәкілетті орган

1. Тұқым шаруашылығы және астық рыногын реттеу саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары осы Кодекстің 139 (бірінші бөлігінде), 309-1, 309-2 (бірінші - үшінші бөліктерінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға аумақтық органдардың бастықтары мен олардың орынбасарлары құқылы.

560-2-бап. Өсімдік қорғау саласындағы уәкілетті орган

1. Өсімдік қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері осы Кодекстің 139 (бірінші бөлігінде), 220, 294, 309-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

Қазақстан Республикасының өсімдік қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өсімдік қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

өсімдік қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.";

1 4 2 ) 5 6 1 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "127," және ", 314" деген цифрлар алып тасталсын; екінші бөліктің екінші абзацындағы "; табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган басшысының жерасты суларын қорғауды бақылау мәселелерін басқаратын орынбасары" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің үшінші абзацындағы "табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау жүйесінің" деген сөздер "су ресурстары жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

143) 562-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"562-бап. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар

1. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдар осы Кодекстің 121, 125, 126, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-297, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 299, 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы органдардың атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға:

1) осы Кодекстің 121, 125, 126, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-297, 298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 299, 304 (бірінші бөлігінде), 305 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - Қазақстан Республикасының орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдары мен олардың аумақтық органдарының лауазымды адамдары;

2) осы Кодекстің 121, 250, 252, 282, 283 (екінші бөлігінде), 284-291, 294, 296, 297, 298 (бірінші бөлігінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік мекемелердің басшылары, басшыларының орынбасарлары;

3) осы Кодекстің 121, 126, 250, 252, 283 (екінші бөлігінде), 284 (үшінші бөлігінде), 285 (екінші бөлігінде), 286 (екінші бөлігінде), 287 (төртінші бөлігінде), 289 (төртінші бөлігінде), 290 (екінші бөлігінде), 291 (екінші бөлігінде), 294 (екінші бөлігінде), 297,

298 (бірінші бөлігінде), 298-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде) - баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтары күзет қызметінің басшылары, басшыларының орынбасарлары, бастықтары құқылы.";

144) 563-баптың бірінші бөлігіндегі "120, 121" деген цифрлар "118-121, 139 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

145) 564-бап алып тасталсын;

146) 565-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
"565-бап. Монополияға қарсы орган

1. Монополияға қарсы орган осы Кодекстің 147-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға монополияға қарсы органның басшысы мен оның орынбасарлары, сондай-ақ монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы.";

147) 566-баптың бірінші бөлігіндегі "161 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "139 (бірінші бөлігінде), 161 (бірінші бөлігінде), 164" деген сөздермен ауыстырылсын";

148) 568 және 569-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"568-бап. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдары

1. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдары осы Кодекстің 130, 139 (бірінші бөлігінде), 230, 231 (бірінші бөлігінде), 234, 235 (бірінші бөлігінде), 236, 238, 239, 278 (екінші бөлігінде), 291, 387, 499-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы, оның орынбасарлары, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары құқылы.

569-бап. Статистика органдары

1. Статистика органдары осы Кодекстің 381-384-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға облыстардың (Астана, Алматы қалаларының) статистика жөніндегі басқармаларының басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы.";

149) 570-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салық органдары осы Кодекстің 88 (үшінші бөлігінде), 139 (бірінші бөлігінде), 146, 166, 205-212, 215-219, 358, 358-1, 360-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.";

150) 570-1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға қаржы полициясы органының басшысы мен оның орынбасарлары, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, Қазақстан Республикасы астанасының, аймақаралық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық қаржы полициясы органдарының және қаржы полициясының арнаулы бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары құқылы.";

1 5 1 ) 5 7 1 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"Кодекстің" деген сөзден кейін "139 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"167," деген цифр алып тасталсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Кодекстің 139 (бірінші бөлігінде), 176 (екінші бөлігінде), 177, 178, 185-187, 204-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі мен оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитетінің төрағасы мен оның орынбасарлары, министрліктің аумақтық органдарының басшылары құқылы.";

3) тармақша алып тасталсын;

152) мынадай мазмұндағы 571-1-баппен толықтырылсын:

"571-1-бап. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті орган

1. Мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті орган осы Кодекстің 167-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары құқылы.";

1 5 3 ) 5 7 2 - б а п т а :

бірінші бөлік "Кодекстің" деген сөзден кейін "139 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "мен оның орынбасарлары" деген сөздер ", оның орынбасарлары, аумақтық филиалдардың басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

154) 574-баптың бірінші бөлігіндегі "(екінші бөлігінде)" деген сөздер "(бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

1 5 5 ) 5 7 5 - б а п т а :

бірінші бөлік "391 (бірінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 391-1 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

"жиырма беске дейінгі" деген сөздер "елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бес жүзге дейінгі" деген сөздер "екі мыңға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің 1) тармақшасының соңындағы нүктелі үтір алып тасталсын және "құқылы." деген сөздермен толықтырылып, 2) тармақшасы алып тасталсын;

1 5 6 )                      5 7 6 - б а п т а :

бірінші бөлік "Кодекстің" деген сөздерден кейін "139 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і                      б ө л і к т е :

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы" деген сөздер алып тасталып, "агенттігінің" деген сөз "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

ү ш і н ш і                      а б з а ц т а :

"Қазақстан Республикасының" деген сөздер алып тасталып, "агенттігінің төрағасы" деген сөздер "уәкілетті органның басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"елуге дейінгі" деген сөздерден кейін ", жеке тұлғаларға жиырмаға дейінгі, заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі" деген сөздермен толықтырылсын;

157) мынадай мазмұндағы 576-1, 576-2 және 576-3-баптармен толықтырылсын:

"576-1-бап. Акцизделетін өнім өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі органдар

1. Акцизделетін өнім өндіруді және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі органдар 139-бапта (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға акцизделетін өнім өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі органның басшылары (орынбасарлары) құқылы.

576-2-бап. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары осы Кодекстің 367-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға облыстар бойынша қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органдарының бастықтары мен олардың орынбасарлары, түзеу мекемелерінің бастықтары құқылы.

576-3-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдары осы Кодекстің 367-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді (ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесінің тергеу изоляторында құқық бұзушылықтар жасағаны үшін)



қ а р а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға ұлттық қауіпсіздік органдары тергеу изоляторларының бастықтары құқылы."

158) 589-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "болса" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, "қорғаушының қатысуы міндетті." деген сөздер алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) әкімшілік жауапқа тартылушы адам кәмелетке толмаған болса, қорғаушының қ а т ы с у ы м і н д е т т і . " ;

159) 607-баптың үшінші бөлігінің екінші сөйлемі алып тасталсын;

160) 611-баптың он үшінші бөлігінің мемлекеттік тіліндегі мәтінінде "мүмкіндік бермейтініне" деген сөздер өзгеріссіз қалдырылсын;

161) 619-баптың бірінші бөлігі "жеке адамды" деген сөзден кейін ", заңды тұлғаның заңды өкілін" деген сөздермен толықтырылсын;  
1 6 2 ) 6 2 0 - б а п т а :

1) тармақша "бөлімнен өз бетімен кеткен жағдайда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу тәртібін бұзған кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшадағы "қорғау жөніндегі органның" деген сөздер "қорғау жөніндегі органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;  
1 6 3 ) 6 2 7 - б а п т а :  
ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"адамдардың" деген сөзден кейін "не оның өкілінің немесе заңды негізде көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жүргізетін адамның" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"иесінің" деген сөз "аталған адамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;  
б е с і н ш і б ө л і к т е :

", оның" деген сөз "не оның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"заңды өкіліне" деген сөздерден кейін "немесе заңды негізде көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді жүргізетін адамға" деген сөздермен толықтырылсын;  
с е г і з і н ш і б ө л і к т е :

", куәгерлер" деген сөз "не оның өкілі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"хаттамаға қол" деген сөздің алдынан ", оның өкілі" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

164) 628-баптың бесінші бөлігіндегі "атқарушы билік органы" деген сөздер " у ә к і л е т т і м е м л е к е т т і к о р г а н " д е г е н с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

165) 629-баптың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және Шағын көлемді кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның" деген сөздер " Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және көлік бақылау органдарының" деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 6 6 ) 6 3 0 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"Кодекстің" деген сөзден кейін "283-285, 287, 289, 297, 298, 298-1, 302-306," деген цифрлармен толықтырылсын;

"462, 466-469" деген цифрлар "461, 467-471," деген цифрлармен ауыстырылсын; екінші бөлік "автомобиль полициясының" деген сөздерден кейін ", орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, балық қорғау органдарының (орман, балық, аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарды бұзған кезде)" деген сөздермен толықтырылсын; үшінші бөлікте ", мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін алып қою" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

167) мынадай мазмұндағы 632-1-баппен толықтырылсын:

"632-1-бап. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу

1. Заңды тұлғаға тиесілі әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдары немесе оның тікелей объектісі болған тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы, оларға билік етуге (ал қажет болған жағдайларда пайдалануға да) тыйым салынғаны туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның заңды өкіліне хабарлана отырып, аталған тауарлардың, көлік құралдарының және өзге де мүліктің тізімдемесі болып табылады және егер осы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті алып қою мүмкін болмаған және (немесе) олардың сақталуын алып қоймай қамтамасыз ету мүмкін болатын жағдайда қолданылады. Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік тыйым салған лауазымды адам тағайындаған басқа да адамдардың жауапкершілікпен сақтауына берілуі мүмкін.

2. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салуды, тауар, көлік құралы және өзге де мүлік иесі мен екі куәгердің қатысуымен осы Кодекстің 620-бабында, 636-бабының бірінші бөлігінде аталған уәкілеттік берілген лауазымды адамдар жүзеге асырады.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу олардың иесінің қатысуынсыз жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Қажет болған жағдайларда фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданылады.

4. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттама жасалады. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлға туралы және иелігінде тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де

мүлкі бар адам туралы мәліметтер, олардың тізімдемесі және бірдейлендіру белгілері көрсетіледі, сондай-ақ фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фотоға және киноға түсіру, бейнежазба қолданып тыйым салуды жүзеге асыру кезінде алынған материалдар хаттамаға қоса тіркеледі.

5. Тыйым салынған тауарлар, көлік құралдары және өзге де мүлік қажет болған жағдайларда буып-түйіледі және (немесе) оларға сүргіш салынады.

6. Заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу туралы хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның заңды өкіліне т а п с ы р ы л а д ы .

7. Заңды тұлғаға тиесілі тыйым салынған тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз етудің осы шарасы қолданылған заңды тұлғаның не тыйым салынған мүлікті сақтауды жүзеге асыратын адамның иеліктен айыруы немесе жасырып қалуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.";

1 6 8 )            6 3 6 - б а п т а :

б і р і н ш і            б ө л і к т е :

1 )            т а р м а қ ш а д а :

е к і н ш і            а б з а ц т а :

"135" деген цифрдан кейін ", 135-1" деген цифрмен толықтырылсын;

"136" деген цифрдан кейін ", 143" деген цифрмен толықтырылсын;

"298 (екінші-төртінші бөліктері)" деген сөздер ", 203, 283 (бірінші бөлігі), 298 (екінші бөлігі), 298-1 (екінші бөлігі), 314" деген сөздермен ауыстырылсын;

"336 (үшінші бөлігі)" деген сөздерден кейін ", 336-1 (үшінші бөлігі)" деген сөздермен толықтырылсын;

"340" деген цифрдан кейін ", 344, 354-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

"368 (екінші бөлігі)" деген сөздер ", 368, 369 (екінші бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"394" деген цифр ", 394 (екінші бөлігі)" деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы орган органдарының (314, 356-баптар) ; " ;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы органдардың (283 (бірінші, үшінші бөліктері), 298 (екінші және үшінші бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 356-баптар);";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының (283 (бірінші бөлігі) (бұл құқық бұзушылықтар орман қорына кірмейтін аумақтарда жасалған

кезде), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 356-баптар);";  
мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының (124 (бұл құқық бұзушылықтар санитариялық-гигиеналық ережелер мен нормаларды, сондай-ақ атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптарды бұзу болмаған кезде), 356-баптар);";

оныншы абзацтағы "342-352" деген цифрлар "342-344 (бірінші бөлігі), 345-352" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші абзац алып тасталсын;

он үшінші абзац "карантині" деген сөзден кейін "және оларды қорғау" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

"тұқым шаруашылығы және астық рыногын реттеу саласындағы органдардың (139 (екінші бөлігі), 309-2 (төртінші бөлігі) - баптар);";

он төртінші абзацта:

"140" деген цифрдың алдынан "127," деген цифрмен толықтырылсын;

"140 (екінші бөлігі), 142, 161 (екінші және үшінші бөліктері), 162, 163" деген сөздер алып тасталсын;

он бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органдарының (231 (екінші бөлігі), 232, 233, 235 (екінші бөлігі), 237, 278 (бірінші бөлігі) - баптар);";

он алтыншы абзацтағы "(229-бап)" деген сөздер "(225-1, 229-баптар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының (85, 140 (екінші бөлігі), 161 (үшінші бөлігі), 163, 222 (бірінші бөлігі), 231, 233, 235 (екінші бөлігі), 278 (бірінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 315, 324, 326-328, 329 (екінші бөлігі), 356, 362, 494 (екінші, үшінші бөліктері) - баптар);";

он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"байланыс саласындағы уәкілетті органның (356, 491 (екінші бөлігі), 492 (екінші бөлігі), 493 (екінші бөлігі), 494 (екінші, үшінші бөліктері), 496 (екінші бөлігі), 498 (екінші бөлігі), 501-баптар);";

жиырмамыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"көлік бақылау органдарының (329 (екінші бөлігі), 329-1 (екінші бөлігі), 356, 453 (екінші бөлігі), 454 (бірінші-үшінші бөліктері), 477 (үшінші бөлігі), 484, 502-баптар);";

жиырма бірінші абзацтағы "172, 188, 203" деген цифрлар алып тасталсын;

жиырма екінші абзац алып тасталсын;

жиырма үшінші абзацтағы ("188" деген цифр алып тасталсын;

жиырма төртінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар

жөніндегі ұлттық комиссиясы органдарының" деген сөздер "бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жиырма бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"акцизделетін өнім өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі органдардың (163, 213, 214-баптар);";

жиырма жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"салық органдарының (137, 138, 154-157, 213, 214, 359, 361, 532-535-баптар);";

жиырма сегізінші абзацта:

"140 (екінші бөлігі)" деген сөздерден кейін ", 188" деген цифрмен толықтырылсын;

"203" деген цифр алып тасталсын;

жиырма тоғызыншы абзацта:

"129" деген цифрдан кейін ", 137" деген цифрмен толықтырылсын;

"513, 516, 517, 524, 525, 528" деген цифрлар алып тасталсын;

отызыншы абзацта:

"белгілі бір қызмет түріне лицензия берген органдардың" деген сөздер "заңдарға сәйкес лицензиарлар болып табылатын органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"138" деген цифрдың алдынан "137," деген цифрмен толықтырылсын;

"139" деген цифрдан кейін "(екінші бөлігі)" деген сөздермен толықтырылсын;

"302 (үшінші бөлігі)" деген сөздерден кейін ", 342 (екінші бөлігі), 343 (бірінші бөлігі), 348 (үшінші бөлігі)" деген сөздермен толықтырылсын;

отыз бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"монополияға қарсы органның (147 (үшінші бөлігі), 149, 150, 153, 356-баптар);";

мынадай мазмұндағы отыз екінші абзацпен толықтырылсын:

"шағын бизнесті қолдау жөніндегі органдардың (149, 150, 153, 356-баптар);";

отыз екінші абзац "142" деген цифрдан кейін ", 161 (екінші және үшінші бөліктері)" деген сөздермен толықтырылсын;

отыз төртінші және отыз бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік энергетикалық қадағалау органдарының (127-1, 223-225-баптар);";

отыз алтыншы абзац "226" деген цифрдың алдынан "127," деген цифрмен толықтырылсын;

отыз сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"шекара қызметі органдарының (298 (екінші және үшінші бөліктері), 298-1 (екінші бөлігі), 303 (екінші бөлігі), 304 (екінші бөлігі), 305 (екінші бөлігі), 306 (екінші бөлігі), 391 (екінші бөлігі), 391-1 (үшінші бөлігі), 393-баптар);";

мынадай мазмұндағы қырық бірінші, қырық екінші абзацтармен толықтырылсын:

"сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөніндегі уәкілетті органның (184-бап); мемлекеттік еңбек инспекциясы органдарының (356, 396 (екінші бөлігі) баптар);";

3 ) т а р м а қ ш а д а :

"138" деген цифрдың алдынан "137," деген цифрмен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

"576" деген цифр "576-3" деген цифрлармен ауыстырылсын;  
соңғы абзацтағы (111-117-баптар) деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып,  
мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"түзеу мекемелеріндегі немесе тергеу изоляторларындағы бақылаушының (367-бап)  
;

орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органдардың  
мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдарының (121, 125, 126, 250, 252,  
282 - 298-1, 299, 302 (екінші және үшінші бөліктері), 304 (бірінші және екінші бөліктері)  
, 305 (бірінші және екінші бөліктері), 306 (бірінші және екінші бөліктері) - баптар);  
жануарлар дүниесін қорғау мәселелерімен айналысатын аңшылық және балық  
аулау шаруашылығы қорықшыларының, директорларының (298, 298-1 (бірінші және  
екінші бөліктері) - баптар) құқығы бар.";

169) 637-баптың бірінші бөлігіндегі "344-347" деген цифрлар "342-352" деген  
цифрлармен ауыстырылсын;

170) 640-баптың бірінші бөлігіндегі "бір тәулік" деген сөздер "жасалған кезден  
бастап үш тәулік" деген сөздермен ауыстырылсын;

171) 642-баптың үшінші бөлігіндегі "Кодекстің" деген сөзден кейін "295, 296, 298,  
298-1," деген цифрлармен толықтырылсын;

172) 647-баптың үшінші бөлігі "әкімшілік қамауға" деген сөздерден кейін "  
Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге" деген  
сөздермен толықтырылсын;

173) 651-баптың бесінші және алтыншы бөліктеріндегі "5, 6" деген цифрлар  
тиісінше "4, 5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

174) 652-баптың екінші бөлігіндегі "жеке адамға" деген сөздерден кейін "  
сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған уәкілетті органға (  
лауазымды адамға)" деген сөздермен толықтырылсын;

175) 654 - бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды  
анықтаған кезде судья жеке қаулы шығарады, ал орган (лауазымды адам) тиісті ұйымға  
және лауазымды адамдарға оларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныс  
енгізеді." ;

екінші бөліктегі "лауазымды адамдар" деген сөздерден кейін "жеке қаулыны және"  
деген сөздермен толықтырылсын;

176) 668-баптың үшінші бөлігінің б) тармақшасындағы "алтыншы" деген сөз "  
бесінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

177) 703-баптың төртінші бөлігіндегі "созылған мерзімге" деген сөздер "ұзарту

мерзіміне" деген сөздермен ауыстырылсын;

178) 707-баптың бірінші бөлігі "адам" деген сөзден кейін "айыппұл салу туралы қаулы шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) жазбаша нысанда кейіннен хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

179) 717-баптың үшінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік бақылау комитеті" деген сөздер "байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК